

Педиатрия факультетін құру мәселесінің өзектілігі

Бірнеше жылдан бері педиатрия мәселелері қоғамымызда сөз болып келе жатыр. Балаларды емдейтін мамандар дайындайтын педиатрия факультеті ҚР-дағы жалпы тәжірибе дәрігерлерін дайындау стандарттарына сәйкес қайта құрылды.

Бірақ, педиатрия саласындағы мәселелер азайған жоқ, олар Қазақстандағы балалар өлімінің деңгейінің бірнеше есе жоғары болуы, Қазақстандағы сәбилер өлімі деңгейінің Ресей, Украина және Белоруссиямен салыстырғанда жоғары болуының сақталуы. Даму барысында әр түрлі ақаулары бар сәбилер саны да көбейіп келеді. Елімізде жыл сайын бес жасқа толғанға дейін 5 мың сәби қайтыс болады. Еліміздегі халықтың жалпы санының үштен бірі балалар екенін ескеретін болсақ, педиатр дәрігерлерді дайындау күттірмейтін қажеттілік, бірақ еліміз басшылыққа алған стандарттарынан ауытқымауымыз керек.

Осыған байланысты, университет басшылығы педиатрия факультетін құруды жөн санап отыр, бұл факультет кәсіби бағыт-бағдар берумен қатар, балалар дәрігерлерін дайындау бойынша білім беру бағдарламасы жағынан міндеті мен маңыздылығын өз қолына алар еді. Бүгінгі күнде дәрігер педиатрдың кәсіби бағыт-бағдар алуы абитуриент кезінен басталып, кіші курстардағы оқуын қамтиды, ол жерде педиатр портфолиосы қалыптасады; одан әрі педиатрларды дайындау интернатурада, резидентурада және магистратурада, сонымен қатар болашақта «медицина» бойынша докторантурада жалғасады.

Шешім жобасы:

1. «Педиатрия» мамандығы бойынша факультет ашылсын.
Жауапты: дипломнан кейінгі оқыту мен аймақаралық қатынастар бойынша проректор А.Д.Дүйсекеев, кадрларды іріктеу және мониторинг бөлімінің бастығы Е.В.Амирдинова, экономикалық сұрақтар бойынша проректор П.Д.Айнабекова.
2. Талапкерлерді қабылдау кезінде, «педиатрия» деканаты тарапынан «педиатрия» мамандығы бойынша профориентациялық жұмыс белсендірілсін.
Жауапты: қабылдау комиссиясы, деканат.
3. «Педиатрия» мамандығы бойынша элективті курстар көбейтілсін.
Жауапты: «педиатрия» оқу департаменті, ОӘЖД директоры М.А.Абирова
4. Тьюторлар мен эдвайзерлер «Жалпы медицина» факультетінің студенттері арасында (бакалавр деңгейінде) элективті пәндер таңдау кезінде «педиатрия» саласы бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды міндетті түрде жүргізілсін.
5. «Жалпы медицина» факультетінің студенттері арасында, келешекте «педиатр» мамандығын таңдағысы келетін студенттер санын анықтау мақсатында, мониторинг жұмыстары жүргізілсін.
Жауапты: БСЗБ ж МБРҒН орталығы.
Орындалу мерзімі: желтоқсан 2012ж.